

Құмсай бастауыш мектебі

Бұйрық №45

Құмсай а.

22.08.2022 жыл

Мектепте 2022-2023 оқу
жылының басталуы және каникул
кезеңдері туралы

Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2021 жылдың 27 тамызындағы №533 т1 бұйрығы
«Аудандағы орта білім беру ұйымдарында
2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте 2022-2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 01 қыркүйек күні басталсын.
2. Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда — 35 оқу аптасы, 2–11 сыныптарда — 36 оқу аптасы болып белгіленсін.
3. Оқу жылы барысындағы каникулдар:
1-4 сыныптарда:
 - күзгі каникул — 7 күн (2022 жылғы 31 қазан–6 қарашаны қоса алғанда);
 - қысқы каникул — 9 күн (2023 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
 - көктемгі каникул — 9 күн (2023 жылғы 18–26 наурызды қоса алғанда);
 - 1-сыныптарда қосымша каникул — 7 күн (2023 жылғы 6–12 ақпан аралығында бекітілсін).
4. Мектеп мұғалімдеріне:
 - мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» басшылыққа алынсын;
 - оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында үлгілік жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын;
 - оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Мектеп меңгерушісі:



Тоқтар А.Е.

Құмсай бастауыш мектебі

Бұйрық №47

Құмсай а.

29.08.2023 жыл

Мектепте 2023-2024 оқу жылының басталуы және жылдық күнтізбелік оқу графигі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.К. Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамыздағы Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірінші пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №01-2/515174-И хаты негізінде және Ақтөбе облыстық білім басқармасының 01.09.2023 жылғы №363 бұйрығы, «Ақтөбе облысының Білім Басқармасы» ММ Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 08 қыркүйек күні №654 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 2024 жылғы 25 мамыр.

2. Оқу жылының ұзақтығы:

- 1-сыныптарда — 33 оқу аптасы,
- 2–4 сыныптарда — 34 оқу аптасын құрайды.

Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.

Оқу жылы барысындағы каникулдар:

1–4 сыныптарда:

- күзгі каникул — 7 күн (2023 жылғы 30 қазан–5 қарашаны қоса алғанда);
- қысқы каникул — 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан–2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
- көктемгі каникул — 11 күн (2024 жылғы 21–31 наурызды қоса алғанда);
- мектепалды даярлық сынып пен 1-сыныптарға қосымша каникул — 7 күн (2024 жылғы 5–11 ақпан аралығында).

3. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында үлгілік жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

4. Оқу процесін ұйымдастыруда «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Мектеп меңгерушісінің м.а. :



Токтар А.Е.

Құмсай бастауыш мектебі

Бұйрық №3

Құмсай а.

30.08.2024 жыл

2024-2025 оқу жылының бастау
және жылдық күнтізбелік
оқу графигі туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы мен Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2024 жылғы 08 тамыздағы №386 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі 27.05.2024 жылғы комиссия отырысының хаттамасымен берілген тапсырмаларды орындау мақсатында, “Білім туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармағына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, “Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі” ММ 2024 жылғы тамыз айының 21-і күнгі №539 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1.1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты», «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.2. 2024-2025 оқу жылы ұйымдасқан түрде бастау үшін қажетті барлық шаралар қабылдансын.

1.3. Білім беру ұйымдарында оқушылар, тәрбиеленушілер мен педагогтар өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарында жеткізілсін:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда.

1-4 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

- 1-тоқсан: 8 оқу аптасы, күзгі демалыс күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
- 2-тоқсан 8 оқу аптасы, қысқы демалыс күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
- 3-тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан 8 оқу аптасы.

1.6. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрық негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктелсін.

Мектеп меңгерушісінің м.а. _____



Жалғасбаева А.Ж.